



"Инновациялық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 8 маусым N 775

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылға арналған Заң жобалау жұмыстарының жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы N 140

P010140_

қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының
Үкіметі қаулы етеді:

1. "Инновациялық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Инновациялық қызмет туралы

Осы Заң инновациялық қызмет саласындағы қоғамдық қарым-қатынастарды реттейді, мемлекеттік инновациялық саясатты іске асырудың негізін қалаушы принциптерін, бағыттары мен нысандарын айқындайды.

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар қолданылады:

мемлекеттік инновациялық саясат - инновациялық қызметті дамытуға және ынталандыруға бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі;

инновациялық қызмет - нәтижелері экономикалық өсу мен бәсекелесу қабілеттілігі үшін пайдаланылатын өндірістің әртүрлі салалары мен қоғамның басқару саласында жаңа идеяларды, ғылыми білімдерді, технологиялар мен өнімнің түрлерін енгізуге бағытталған қызмет;

инновация - жаңа немесе жетілдірілген тауар (жұмыс, қызмет көрсету), не экономикалық айналымда пайдаланылатын жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процесті алу мақсатында санаткерлік шығармашылық еңбектің нәтижелерін пайдалану;

инновациялық бағдарлама - ресурстары, орындаушылары мен іске асыру мерзімдері бойынша келісілген әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге бағытталған инновациялық жобалар мен іс-шаралар кешені;

инновациялық жоба - инновацияға қол жеткізуге бағытталған ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулер мен жұмыстар, техникалық-экономикалық негіздемелер кешенінен тұратын уәкілетті орган белгілеген нысандағы жазбаша құжат;

инновациялық инфрақұрылым - инновациялық қызмет субъектілеріне

инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті инновациялық қызмет көрсетулерді ұсынатын ұйымдар жиынтығы;

уәкілетті орган - елдің ғылыми-технологиялық даму басымдықтарына сәйкес инновациялық қызметті реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік орган.

2-бап. Қазақстан Республикасының инновациялық қызмет туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының инновациялық қызмет туралы заңдары
Қазақстан Республикасының

К951000_

Конституциясына негізделеді және
Қазақстан Республикасы Азаматтық

К941000_

кодексінің нормаларынан, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

2-ТАРАУ. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

3-бап. Инновациялық қызметтің мазмұны

Инновациялық қызметке мынадай қызмет түрлері жатады:

жаңа немесе жетілдірілген өнімді, экономикалық айналымда іске асырылатын жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процесті құруға бағытталған ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды орындау және қызмет көрсету;

инновациялық тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу рыногын ұйымдастыру;

технологиялық қайта жарактандыруды және өндірісті дайындауды жүзеге асыру;

жаңа технологиялық процестерді, тауарларды, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сынауды, сертификаттауды және стандарттауды жүзеге асыру;

жаңа немесе жетілдірілген өнімді өндірудің бастапқы кезеңі, инновациялық жобаның өтімділігінің нормативтік мерзіміне жеткенге дейін жаңа немесе жетілдірілген технологияны қолдану;

инновациялық инфрақұрылымды құру және дамыту;

инновациялық қызмет нәтижелерін насихаттау және инновацияны тарату;

санаткерлік меншік объектілеріне арналған құқықтарды және құпия ғылыми, ғылыми-техникалық және технологиялық ақпаратты қорғау, беру және сатып алу.

4-бап. Инновациялық қызмет субъектілері

1. Инновациялық қызмет субъектілері:

инновацияны жасаушы және іске асырушы жеке және заңды тұлғалар;

негізгі қызметі инновацияны жасауға және оны өнеркәсіптік өндіріске беруге бағытталған инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілері (технополистер, технологиялық, өнеркәсіптік және агроөнеркәсіптік парктар (технопарктер), бизнес-инкубаторлар, инновациялық қорлар, орталықтар және инновациялық қызмет инфрақұрылымының басқа да ұйымдары);

инновациялық қызметті реттеуге қатысатын мемлекеттік басқару органдары; инновацияларды өндірушілер мен тұтынушылардың мүдделерін білдіретін және қорғайтын қоғамдық бірлестіктер болып табылады.

2. Инновациялық қызмет субъектілері инновациялық жобалар мен бағдарламалардың тапсырыс берушілерінің және (немесе) орындаушыларының, инвесторлардың, инновациялық қызметін нәтижелерін тұтынушылардың, сондай-ақ инновациялық процеске қызмет көрсететін және инновацияларды игеру мен таратуға жәрдемдесетін ұйымдардың функцияларын орындай алады.

3-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК ИННОВАЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ

5-бап. Мемлекеттік инновациялық саясаттың негізгі мақсаттары

1. Мемлекеттік инновациялық саясат отандық өнімнің бәсекелестік қабілетін арттыру, елдің экономикалық дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру үшін инновациялық қызметтің басымдылығын мойындауға сүйене отырып қалыптасады және іске асырылады.

2. Инновациялық қызметтің негізгі мақсаттары: ғылым мен техника жетістіктерінің негізінде тиімді әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау; бәсекеге қабілетті экспортқа бағдарланған, импорт алмастырушы, қайта өңдеу өндірістерін құруға бағытталған инновациялық бағдарламаларды іске асыру жолымен экономиканың салаларын дамыту тепе-тең теңгерімділігі; ғылым, білім, өндіріс және қаржы-несие саласының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету; халықтың өмір сүру деңгейі мен жұмыспен қамтылуын арттыру болып табылады.

6-бап. Мемлекеттік инновациялық саясаттың принциптері

Мемлекеттік инновациялық саясаттың негізгі принциптері: Қазақстан Республикасын инновациялық даму жолына стратегиялық бағдарлау; мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыруға бағытталған

инновациялық бағдарламалар мен жобаларды мемлекеттік қолдау;

мемлекеттің инновациялық инфрақұрылымды дамытуға және инновациялық қызмет үшін кадрларды даярлауға қатысуы;

мемлекеттік тапсырыс бойынша жасалған инновацияларды сатудың кепілдендірілген рыноктарын қамтамасыз ету;

қайтарымды негізде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын республикалық мақсатты, қолданбалы ғылыми-техникалық және инновациялық бағдарламалар бойынша инновациялық жобаларды конкурспен іріктеу;

инновациялық қызмет субъектілерінің санаткерлік қызметіне арналған құқықтарын қорғау;

мемлекеттік, қызметтік және коммерциялық құпия ақпаратты қоспағанда, инновациялық қажеттіліктер мен ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет нәтижелері туралы ақпаратты тарату және жинау еркіндігі болып табылады.

4-ТАРАУ. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

7-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыру жөніндегі өкілеттігі

1. Қазақстан Республикасының Президенті:

мемлекеттік инновациялық саясаттың негізгі басымдықтарын айқындайды; мемлекеттік деңгейдегі инновациялық бағдарламаларды бекітеді.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

мемлекеттік инновациялық саясатты айқындайды және іске асырады; мемлекеттік деңгейдегі инновациялық бағдарламаны әзірлейді; салалық және аймақтық инновациялық бағдарламаларды бекітеді;

республиканың экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар инновациялар мен мамандандырылған инновациялық қызмет субъектілерін құруға қатысады; инновациялық қызметті реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның міндеттерін, функцияларын және өкілетін айқындайды;

қайтарымды негіздегі инновациялық бағдарламаларды мақсатты қаржыландыруды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

3 . У ә к і л е т т і о р г а н :

елдің инновациялық даму болжамын әзірлейді; инновациялық қызметті дамыту жөнінде мемлекеттік органдардың қызметін

үйлестіруді жүзеге асырады;
инновациялық бағдарламаларды әзірлейді және Қазақстан Республикасының
Үкіметіне бекітуге ұсынады.

республиканың экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар инновациялар мен мамандандырылған инновациялық қызмет субъектілерін құруға бастамашы болады ;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес инновациялық қызметті қаржыландыру және ынталандыру, инновацияны құруға арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобасын әзірлейді ;

республикалық инновациялық қордың қаражаты есебінен қайтарымды негіздегі инновациялық жобаларды іріктеу мен қаржыландыру үшін ережелер мен үлгілік құжаттардың нысандарын, инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құру мен ресурстық қамтамасыз етудің тәртібін бекітеді;

инновациялық қызмет саласында Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4. Орталық атқарушы органдар:

өзінің өкілеттіктері шегінде мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді ;

салалық деңгейдегі инновациялық бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады және оларға құқықтық, ұйымдастырушылық және басқа да қолдау көрсетеді.

5. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтардың шегінде:

аймақтық деңгейдегі инновациялық бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады және оларға құқықтық, ұйымдастырушылық және басқа да қолдау көрсетеді;

инновацияларды және инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құруға қатысады .

8-бап. Инновациялық бағдарламаларды қалыптастыру

1. Мемлекеттік деңгейдегі инновациялық бағдарламалар еліміздің әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-технологиялық дамуының басымдықтары ескеріле отырып, инновациялық даму болжамы негізінде қалыптастырылады және:

еліміздің экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар инновацияларды құру кезеңінде мемлекеттік қолдауды;

инновациялық инфрақұрылымның қалыптасуы мен дамуын;
инновацияны өндірушілер мен тұтынушылардың деректер банкі мен бірыңғай ақпараттық әкелісін ұйымдастыруды;

инновациялық қызмет субъектілерін ынталандыру жөніндегі нормативтік құқықтық

кесімдер әзірлеуді көздеуі тиіс.

2. Аймақтық деңгейдегі инновациялық бағдарламалар аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламалары негізінде жасалады және инновациялық инфрақұрылым мен инновациялық әлеуетті дамытудың кадрлар дайындығын қоса алғандағы негізгі басымдықтарын, инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін ынталандыру нысандары мен тәсілдерін белгілейді.

3. Салалық деңгейдегі инновациялық бағдарламалар мемлекеттік экономикалық, өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық саясаттың басымдықтарынан туындай отырып қалыптастырылады әрі экономика салаларын дамытуды тепе-теңдікке келтіруге, экспортқа бейімделген, импортты алмастыратын, қайта өңдеуші өндірістерді құруға бағытталуы тиіс.

4. Инновациялық бағдарламалар инновациялық жобалар мен инновациялық инфрақұрылымды дамыту жобаларын конкурстық іріктеу негізінде қалыптастырылады.

5. Инновациялық бағдарламаларды қалыптастыру кезінде инновациялық қызмет субъектілерінің инновацияны жасауға конкурстық негізде мемлекеттік тапсырысты орналастыруын көздейді.

6. Инновациялық бағдарламаларды өзара ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық, өндірістік, ақпараттық және инновациялық жобаларды іске асыру үшін қажетті басқа да қызмет түрлері арқылы байланысты инновациялық қызмет субъектілері іске асырады.

7. Қаржыландырылуы (бірлесіп қаржыландырылуы) мемлекеттік бюджет қаражаттары есебінен жүзеге асырылады деп болжанатын инновациялық бағдарламаларды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітуі тиесілі.

9-бап. Инновациялық қызметті қаржыландыру

1. Инновациялық қызметті қаржыландыру (бірлесіп қаржыландыру): республикалық және өзге де инновациялық қорлар қаражатының; инновациялық қызмет субъектілерінің жеке өз қаражатының; сыртқы көздерден инновациялық қызмет субъектілері тартатын қаражаттың; Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес республикалық және жергілікті бюджет қаражатының;

халықаралық қаржы ұйымдары мен қорлар қаражатының; Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де көздер қаражатының есебінен жүзеге асырыла алады.

2. Инновациялық қызмет пен инновациялық инфрақұрылымның мемлекеттік субъектілерінің қызметі инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауға жыл сайын көзделетін қаржының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы алатын мақсатты қарыздың,

мемлекеттік заттай гранттардың шегінде республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

10-бап. Инновацияны жасауға арналған мемлекеттік тапсырыс

Инновацияны жасауға арналған мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру және орналастыру мемлекеттік инновациялық саясаттың басымдықтарына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдарына

Z970163_

сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырылады.

5-ТАРАУ. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

11-бап. Инновациялық қызмет субъектілерінің
халықаралық ынтымақтастығы

Инновациялық қызмет субъектілері халықаралық ұйымдарға өз бетінше кіруге, халықаралық инновациялық бағдарламалар мен жобаларға қатысуға, шетелдік заңды және жеке тұлғалармен Қазақстан Республикасында да, сол сияқты одан тыс жерлерде де инновациялық қызметті жүзеге асыруға арналған шарттар (келісім-шарттар) және өзге де келісімдер жасасуға құқылы.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК